

SUMMARY

In this article is given the condition of horse-breeding in Aktobe region.

Г.А. ТАСБУЛАТОВА

ТАБИҒИ МИНЕРАЛДАРДЫҢ СОРБЦИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРИ

Ақтөбе политехникалық колледжі, Ақтөбе қаласы

Сорбенттердің ең негізгі химиялық қасиеттері, өндірісте бұл материалдарды қолдануда, аныктауда, олардың әр түрлі сұйықтар мен газ тәрізді ортамен әсерлесуін айтады.

Сорбенттердің бір бөлігі сазды минералдар решоткасында құралтын иондар ортасын суда еріген тұздармен адсорбциялайды. Саздың бөліктерінің жоғарғы бетінде теріс зарядты ион қабаттары пайда болады. Сондықтан осы қабатқа судан он зарядталған иондар катиондар тартылады. Нәтижесінде екінші ионды қабат пайда болады, бірақ екінші қабаттың катиондары бірінші қабаттың тығыз орналасқан теріс зарядын басып тастауға жетпейді. Сондықтан бөліктердің айналасына катиондардың үшінші қабаты жиналады. Бұл қабатқа бір жағынан бірінші қабаттың электр өрісі әсер етеді, ал басқа жағынан ортасын жылулық қозғалысы әсер етеді. Осыған байланысты катиондардың үшінші қабаты қозғалмалы динамикалық тепе- тендікте болады. Сазды минералдар өздерінің бойында су мөлшерін көп құрайды, яғни сорбенттердің химиялқ қасиетіне қатты әсер етеді. Бұл қасиеттер саз минералының сумен байланысу формасына байланысты. Саздағы судың байланысының көптеген класификациялық формалары бар. Соның бірі кеңінен тараған, және ертеден келе жаткан Лебедов А.Ф ұсынған класификация, су формасының мынадай түрлері: кристалды, химиялқ байланыскан, гигроскопиялық, пленкалық, гравитациялық, бу формасында және қатты күйде. Сазды минералдардың қасиеттері және құрылымының пайда болуына, гидрофильдігіне, шеткі сулардың химиялық жағдайына әсер

етуі иондық алмасуды көрсетеді. В.Ламбрино бентониттегі ионды алмасуды зерттеу басрысында иодты натрийдің ерітіндісімен өндегенде, натрий мен иод әсерлесуі, алюминийдің ауамен иондарының нашар байланыста болуы себебінен комплекстің пайда болуы жүреді деп есептейді. Алюминий, калдық күштерге ие болу арқылы натрий мен иодтың молекулаларын ұстап тұрады, осының нәтижесінде иод пен натрийдің байланысын орнатады. Осымн нашар тұрактандырыш комплексі пайда болады, яғни сумен өндегенде немесе онымен әсерлескенде иондардың бір бөлігі еркін болады, алюминиймен натрий байланысының үзілуіне байланысты және натрий мен иодтың арасындағы қайта құру байланысының болы арқылы пайда болады. Суға өткен иондар макромолекулаларымн $\text{Al(OH)}_4^- \text{H}^+$ комплексін құрайды, ол Na^+ иондары ауамен байланыста болады.

Сазды минералдардың айырбастау қасиеттері карастырылған себептердің тек біреуімен негізделмейді. Мысалы, каолинитті минералдар тобы байланыстың бұзылуы есебінен айырбастау қасиетін көрсетеді, сол сиякты сутегінің гидроксиді тобын ауыстыруы есебінен жүзеге асады. Монтмориллониттерді керісінше, тек ішкі бетіндегі байланыстардың үзілу үлесіне алмасу 20% жакын келеді. Поянгорск минералдарының алмасуының негізгі себептері – кристаллды решоткалардың байланысының бұзылуы.

Табиғи миенарлдарды қолдану аймағның жетістіктері каталитикалық және адсорбциялық қасиеттерін жоғарылату әдістерін игеруге байланысты.

Жер шарын құрайтын жыныстар және казіргі уақытта зерттелген минералдардың әр түрлері және 3000 тарта түрі белгілі минералогтардың зерттеуі бойынша минералдардың түрлерін құрайды. Жыныс құрайтын минералдардың кеңінен тарағаны силикаттар, бірақ сол сиякты оксидтер, гидрооксидтер, сульфидтер, карбонаттар, фосфаттар да жатады. Силикаттардың тізбекті құрамына минералдар - пироксеноидтер, бустамит, волластонит, пектолит, родонит және серандит топтары кіреді. Осылардың ішінен сорбентті алуға арналған материал волластонит. Айтылған минерал ақ, сұр, сары немесе қызыл массивті, волокнолы немесе тығыз агрегат

түрінде кездеседі. Атомдары кристаллды решеткада бөлек қабаттармен орналасады, сол сиякты қабат қабат (листовые) минералдар да белгілі. Тығыздығы 2800- 2900 кг/м³, қаттылығы 4,5 -5. бұл минералдардың көпшілігі жұқа пластинка, лист немесе балықтың қабығы сиякты формада кристаллданады және параллель құрылымды қабатшалардан құралады.

Қабатшалы силикаттардың арасында негізгісі болып сазды минералдар болып саналады. Олар ерекше қасиеттерге ие, сол себепті оларды жеке топтарға бөліп және сорбент өндірісі үшін қажет материалдар тобына жатқызу керек. Саздар жынысты құрайтын материалдар ретінде және жер (почв) құрамында, олар жыныстарды түгел қурауы мүмкін немесе олардың бір бөлігін құрап, жырықтарды толтырып немесе цементтеу материалы ретінде өте үлкен бөлшектерді байланыстырады. Саздар өзінің бөліктерінің өлшемімен аныкталады, өлшемі 2 мкм аспайды.

Саздарды физико- химиялық қасиеттеріне және құрылышына байланысты бірнеше топқа бөлуге болады:

1. Дисперсиялы кремнеземдер шөгінді жыныстардан тұратын 68- 99 % аморфты кремний- диоксидінен тұрады. Осылардың ішінен құрамында темірдің мөлшері жоғары, а трепелдегі алюминий тотығы 15,7%. Трепел – кремнеземнің уақ шариктерінен құралған шөгінді жыныс, кеуекті, минералды сорбент. Трепелдің тығыздығы 50-80 кг/м , ал макрокеуектілігі 0,7 -0,75 % көлемінде.

Диатомит негізінен макрокеуекті құрылымды, кеуектерінің өлшемі 4,0 – 40,0 мкм 15% құрайды, тығыздығы 30кг/м. Опока суда ерімейді, оның ерекшеліктері мезокеуектілік құрылымы және жоғары механикалық беріктігі болып табылады.

2. Қатпарлы қатпарлы ленталы алюмотемірмагний силикаттары, қатты (жесткой) құрылымды созылмалы минералдарға бөлінеді. Бірінші (вермукулит және монтмориллонит) бентонитті саздың негізін құрайды. Олардың бастапкы микрокеуектілік құрылымы силикаттардың микрокристаллдарын құрайтын түзілуге негізделген және екінші рет

микрокристаллдардың арасындағы кеңістіктің есебінен пайда болатын макрокеуектілік құрылымға аудасады. Сорбция үрдісінде екінші реттегі кеуектілік құрылым макрокеуектіліктердің өлшемдерінің есебінен кеңеюге қабілетті монтмориллонттің ауданының беті 766 – 833 м/г жетеді.

Қатпарлы сорбенттердің катты құрылымдарының (каолинит, тальк и гидрослюда) белсенді беті екінші реттік құрылымға негізделген. Каолиниттің ауданының беті 60м/г. Тальк тығыз, майлы гидросиликат магний сияқты, сабынды тастың немесе стеатиттің құрама бөлігі болып табылады. Слюдалар, гидрослюдадар және слюда сияқтылар өлшем бірлігі сазға сәйкес келетін кеңінен тараған минералдардың бірі болып табылады. Негізгі минералдар мусковит (ак слюда), биотит (кара слюда) және глауконит. Қатпарлы ленталы минералдар () 0,37 – 1,1 нм өлшемдегі макрокеуекті, екінші рет кеуекті құрылымда дамыған. Бұлар негізінен волокнисті минералдар Уфа каласының мұнайхимия өндеу институтында табиғи минералды сорбенттердің кутанак және сагыпзяқ саздарының сорбциялық касиеттерін комплексті зерттеу жүргізілді, сорбциялық технологияларда өндірістік қолдануда олардың тиімді бағыттауды тандау үшін. Ағын суларды, өндөлген және тауарлы майларды, сұйық және қатты парафиндерді тазалау үрдісінде сорбциялық касиеттері бағаланды. Сорбциялық тазалау үрдісін қолданғанда мұнайөнімдерін соның ішінде қатты парафиндерді жақсы сапасын алуға болатындығын жүргізілген жұмыстар комплексті көрсетті.

Әдебиеттер:

1. Келман Г.С. “Защита окружающей среды при добыче, транспорте и хранении нефти и газа”, М.:Недра, 1981 год.
2. Годовой отчет отдела по исследованию проблем добычи и бурения нефтегазоконденсатного месторождения 2008 год.
3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы. 1996 ж. 5 шілдедегі № 19 – і Қазакстан Республикасының заңы.

РЕЗЮМЕ

Цель данной работы – одним из способов реабилитации пластовых вод является использование различных сорбентов. Способностью сорбировать химические соединения и металлы обладают такие природные минералы и горные породы.

SUMMARY

This article is devoted to the problems of natural resources.

УДК 62-83-52:622.002.5

К.Т. ТЕРГЕМЕС
кандидат технических наук, доцент
Б.А. КАНИЕВА

ПРИМЕНЕНИЕ БАЗАЛЬТОВЫХ ВОЛОКОН В СТРОИТЕЛЬСТВЕ

КазНТУ, г. Алматы
Актюбинский государственный университет им. К. Жубанова, г. Актобе

Для производства базальтовых волокон пригодны многие горные породы. Базальты и базальтоподобные породы распространены и добываются карьерами повсеместно.

Сфера применения изделий из базальта постоянно расширяется.

В настоящее время, в связи с ужесточением требований к теплозащитным свойствам ограждающих конструкций домов, поиск энергоэффективных утеплителей является актуальной задачей. Однако, достижение эффективного использования энергии в зданиях возможно только при системном подходе связанным, как с планировочным решением, так и за счет использования энергосберегающих теплоизоляционных материалов.